

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 15 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1533. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** : 1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 15 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін, Ереженің өзгерістері мен толықтырулары және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін .

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 0 с ә у і р д е г і
N 1 0 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 15 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесіне (бұдан әрі - Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ереженің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы мен өкілдігін (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібін айқындайды."

2. 7 - т а р м а қ т ы ң :

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жарғылық капиталдың ең аз мөлшері (жаңадан құрылған сақтандыру ұйымдары үшін) немесе меншікті капиталдың ең аз мөлшері (жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдары үшін) болуы;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру ұйымының өтініш бергенге дейінгі соңғы алты ай ішінде пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға тиісті нормалар мен лимиттерді орындауы."

3 . 8 - т а р м а қ т ы ң :

2) тармақшасындағы "(Жарғыға сәйкес)" деген сөз алынып тасталсын;

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) уәкілетті мемлекеттік органның филиалдың бірінші басшысын және бас бухгалтерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы шешімінің көшірмесі."

4. 13-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде" деген сөз "әділет органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 14-тармақтағы "нотариалды куәландырылған" деген сөздер "нотариат куәландырған" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Сақтандыру ұйымы әділет органдарына филиалды немесе өкілдікті тарату туралы мәліметтер бергенге дейін филиалды немесе өкілдікті тарату жөніндегі іс-шараларды аяқтау мерзімі туралы ақпаратты алдын ала уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті.

Сақтандыру ұйымының филиалды немесе өкілдікті тарату туралы шешімі осы шешім қабылданған күннен бастап бір апталық мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға берілуге тиіс."

7. 16-тармақтағы "таратылады" деген сөз "жабылды" деген сөзбен ауыстырылсын.

Төраға